Қарақия

БЕЙСЕНБІ
№36 (1321)
17 ҚЫРКҮЙЕК
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 1985 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ӘЛЕУМЕТ ПЕН ӘЛЕУЕТ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – ОРТАҚ МӘСЕЛЕ



ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙМАЙТЫН БАСТЫ ТАҚЫРЫП. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРАҚИЯДА БЕКІТІЛГЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МАНАР ТӨЛЕГЕНОВ АЗАМАТТАРДЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ.

Жиын барысында тұрғындар өздерін толғандырған түйткілді сауалдарын қойып, ұсыныс-тілектерін білдірді. Тұрғындар тұрақты жұмысқа орналасу, жаңа жұмыс орындарын ашу, еңбек нарығындағы бос жұмыс орындары, сондай-ақ жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту шараларына тарту мәселелерін көтерді.

Әкім орынбасары жұмыссыздықты азайту және халықты тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың маңыздылығын атап өтті.

Қабылдау барысында тұрғындар тарапынан қойылған әрбір сұраққа қолданыстағы заңнама шеңберінде жан-жақты, нақты түсініктеме берілді.


ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН МАРАПАТТАЛДЫ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ТЕК ПОЛИЦИЯНЫҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ. БҰЛ БАҒЫТТА АЗАМАТТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТУҒА ЗОР ЫҚПАЛ ЕТЕДІ. БҮГІНДЕ ҚАРАҚИЯ АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУҒА АТСАЛЫСЫП ЖҮРГЕН 30 ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІ БАР. ОЛАР ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫМЕН БІРЛЕСЕ РЕЙДТЕРГЕ ҚАТЫСЫП, ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ІСІНЕ ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП КЕЛЕДІ.

Азаматтардың бұл еңбегі елеусіз қалмайды. Профилактикаға белсенді қатысып, көмек көрсеткен тұрғындарды ынталандыру мақсатында жыл басынан бері ауданның 9 азаматы ақшалай сыйақымен марапатталды. Полиция өкілдерінің айтуынша, мұндай көтермелеу шаралары тұрғындардың жауапкершілігін арттырып, полиция мен халық арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайта түседі.

– Қоғамдық тәртіпті сақтау – ортақ іс. Қауіпсіз аудан құруға әр азаматтың қосқан үлесі маңызды, – дейді Қарақия ауданы ПБ қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі бастығының орынбасары, полиция капитаны Б.Абатов.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!



«Маңғыстау-Медиа» ЖШС басылымдарына жарнама, хабарландыру беру немесе ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына қоңырау шалсаңыз болады:

8778 145 9093,
8 (7292) 204842,
8(7292)204834.
lau.media@yandex.ru

ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ



АУДАНДА 31 ТАМЫЗ БЕН 15 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР АЯСЫНДА «ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Құрықтағы «Ынтымақ» орталық алаңында өткен іс-шараны аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Отбасын қолдау орталығы жүргізіп, оған Қарақия аудандық емханасы мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінен 130-дан астам адам қатысты.

Фестивальдің мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, тұрғындардың дене белсенділігін арттыру және бұқаралық спортқа қызығушылықты күшейту.

Шара барысында қатысушылар таңғы жаттығу жасап, спорттық ойындар мен эстафеталарда бақ сынасты. Көтеріңкі көңіл-күйде өткен фестиваль тұрғындарға сергектік сыйлады.

Фестивальге қатысқан Құрық ауылының тұрғыны А.Қасымова: «Бүгінгі шара өте жоғары деңгейде өтті. Таңертеңгі жаттығудан ерекше сергектік алдық. Балаларымыз эстафеталарға қатысып, мәз-мейрам болды. Осындай денсаулыққа пайдалы шараларды жиі ұйымдастырып жатқан Отбасын қолдау орталығына және емхана ұжымына үлкен алғысымды білдіремін!» – деп өз әсерімен бөлісті.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА АУДАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРДА ТАЗАЛЫҚ, АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗДІ

Жұмыстар барысында қасиетті нысандардың аумағы қоқыстан тазартылып, айналасы ретке келтірілді. Сонымен қатар, нысандардың сыртқы келбетін жақсарту және қоршаған ортасын абаттандыру бағытында тиісті жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қарақия ауданында санитариялық тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау және елді мекендердің көркін абаттандыру мақсатында ауқымды сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудан орталығында тұрғындар мен демалушылар жиі баратын жағажай аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, ауданға қарасты барлық елді мекендерде саябақтар, ауылшылық көшелер мен ашық ойын алаңдарының аумақтары тазартылды.

Сенбілікке 160 адам қатысып, 8 арнайы техника жұмылдырылды. Нәтижесінде тазалық жұмыстары



барысында 20 тоннаға жуық қоқыс шығарылды.

Тазалық – бір күндік науқан емес, баршаға ортақ жауапкершілік. Қоршаған ортаны таза ұстау – туған жерге деген құрметтің белгісі.

Материалдарды дайындаған Шынар КЕНДІН.

МАМАН КЕҢЕСІ

КҮЙДІРГІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОДАН САҚ БОЛАЙЫҚ

КҮЙДІРГІ (СІБІР ЖАРАСЫ) – БҰЛ ЗООНОЗДЫ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ. ЗООНОЗДЫ ИНФЕКЦИЯ ЖАНУАРЛАРДАН АДАМҒА ЖҰҒАТЫН АУРУ, ӘДЕТТЕ, ШӨПҚОРЕКТІ СИЫР, ҚОЙ ЖӘНЕ ЕШКІ СИЯҚТЫ ЖАНУАРЛАРДЫ ЗАҚЫМДАЙДЫ.



Адамдар ауру жұқтырған жануарлардан жұқтыруы немесе малдан алынатын бұзылған өнімдер арқылы жұқтырады. Яғни егер адамдар ауру малға қараса не ауру малды союға қатысса немесе ауру жұқтырған малдан алынатын өнімдермен мысалы, ет, қан, жүн, тері, сүйектер жанасатын болса, адамдар сібір жарасын жұқтырады. Зертханалық апаттардың салдарынан да сібір жарасын жұқтырып алуы мүмкін. Бұдан бөлек, инъекциялық героинді тұтынушылар зарарлы героин инъекциясы арқылы сібір жарасын жұқтыруы мүмкін. Адамдарда сібір жарасының тері түрі – ең көп таралған түрі, әдетте адам ағзасына сібір жарасы спораларымен тікелей жанасқан кезде болатын жара кесілген жері арқылы енеді. Нәтижесінде теріде тері деңгейінен сәл жоғары көтеріліп тұрған дақ пайда болады да, қышиды, ол тез қара жараға айналады. Кейбір адамдардың басы ауырып, бұлшық еті ауырады, қызбасы көтеріліп, құсады.

Ауру жұқтырған малдың етін тамаққа пайдаланған кезде сібір жарасының ішек түрін жұқтыруы мүмкін. Бастапқы симптомдары тамақтан улану белгілеріне ұқсайды, бірақ мұнда іш қатты ауырып, қан аралас құсуы мүмкін және диареяның ауыр түрінен зардап шегеді.

Адамдарда пайда болатын сібір жарасының ең ауыр және өте сирек кездесетін түрі «ингаляциялық» немесе сібір жарасының өкпе түрі деп аталады. Қалқымалы күйде ауада болатын сібір жарасы споралары адамға көп мөлшерде тікелей әсер етіп, демімен жұтқан кезде аурудың осы түрі пайда болады. Алғашқы симптомдары жалпы суық тию белгілеріне ұқсас боп келеді, бірақ олар тез өршиді, тыныс алуы қиындап, есеңгіреу жағдайына түсуі мүмкін.

Күйдіргінің ең тиімді алдын алу шаралары:

– жыл сайын ауруға қарсы егу жүргізу. Ауруға қарсы вакцинаны егу үй жануарлар мен ет комбинаттарында, мал шаруашылығында тұрақты жұмыс істейтіндерге, тері-жүн өңдеуге, тасымалдауға, сақтауға, сұрыптауға, илеуге қатысатын адамдарға егіледі;

– үй жануарларына да екпе жүргізу. Бүгінгі күнде егу жұмыстары жануарларды жоспарлы тексеруден өткізу кезінде ветеринарлық мекемелерде тегін жүргізіледі. Сібір жарасына қарсы вакцина егілгеннен кейін 10 күн ішінде жануар өліп қалса, оның терісін сыдыруға болмайды;

– өлген жануардың терісін кесуге болмайды және өлексені аң-құстардың тасуына жол берілмеу керек;

– жануарлардан алынатын өнімдерді ветеринарлық ілеспе құжаттарсыз, рұқсат етілмеген сауда орындарынан сатып алуға қатаң тыйым салынады;

– үй малын сою тек қана мал мамандарының рұқсатымен жүргізу.

А.ЛЕПЕСОВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ТҰМАУ МЕН ЖРВИ-дің АЛДЫН АЛУ – ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ

КҮЗ МЕЗГІЛІНІҢ КЕЛУІМЕН ТҰМАУ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯЛАР (ЖРВИ) БОЙЫНША АУРУШАҢДЫҚТЫҢ ӨСУ КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ. БҰЛ ИНФЕКЦИЯЛАР ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ТЕЗ ТАРАЛАТЫНДЫҚТАН, ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ.



Тұмау мен ЖРВИ кезінде дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, бас ауруы, тамақтың ауыруы, жөтел, мұрыннан су ағу сияқты белгілер байқалады. Ауру белгілері пайда болған жағдайда өздігінен ем қабылдамай, медициналық көмекке жүгінген жөн. Әсіресе балалар, жүкті әйелдер, қарт адамдар және созылмалы аурулары бар азаматтар инфекциядан барынша сақтануы қажет.

Инфекцияның таралуын болдырмау үшін күнделікті қарапайым профилактикалық шараларды сақтау маңызды. Қолды сабынмен жиі жуу, бөлмелерді тұрақты желдету, ылғалды тазалық жүргізу, адам көп жиналатын орындарға баруды шектеу және жеке бас гигиенасын сақтау – аурудың алдын алудың тиімді жолдары.

Сонымен қатар, ауру белгілері бар азаматтардың жұмысқа, мектепке немесе балабақшаға бармай, үй жағдайында оқшауланууы қажет. Бұл инфекцияның айналадағы адамдарға таралу қаупін азайтады.

Тұмаудың алдын алуда вакцинацияның маңызы ерекше. Қазақстанда 2026 жылғы 15 қыркүйектен бастап тұмауға қарсы вакцинация жүргізіле бастайды. Вакцинация, ең алдымен, ауру асқынуы мүмкін қауіп топтарына жататын азаматтарға ұсынылады.

Тұрғындар тұмауға қарсы вакцина алу үшін өздері тіркелген емханаға барып, қажетті ақпарат ала алады. Екпе алдында медицина қызметкері азаматтың денсаулық жағдайын бағалап, вакцина алуға қатысты кеңес береді.

Аудан тұрғындарын тұмау және ЖРВИ маусымында өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, алдын алу шараларын сақтауға шақырамыз. Әр адамның қарапайым сақтық шараларын орындауы инфекцияның таралуын азайтып, өзімізді және жақындарымызды қорғауға мүмкіндік береді.

Денсаулыққа жауапкершілікпен қарау – аурудың алдын алудан басталады!

М.ИКАЕВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының м.а.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ПРАКТИКА БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТПЕН 2026 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысында мемлекеттік сатып алу саласында саласында уәкілетті орган болып табылады.

Департаментпен 2026 жылдың 9 айлығындағы есепті кезең бойынша мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар бойынша, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқбұзушылық туралы Кодексінің 207-бабымен лауазымды тұлғаларға қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қозғалып, оларға осы Кодекстің 207-бабы бойынша 18 267 130 (он сегіз миллион екі жүз алпыс жеті мың жүз отыз тенге) теңге айыппұл салынды.

Өз кезегінде әкімшілік құқықбұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғалар 16 635 779 (он алты миллион алты жүз отыз бес мың жеті жүз жетпіс тоғыз теңге) өз еркімен бюджет пайдасына өндірілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК ПРАКТИКА БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТПЕН 2026 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ

Департаментпен 2026 жылдың 9 айлығындағы есепті кезең бойынша қаржылық есептілік саласында 31 лауазымды тұлғаға яғни мемлекеттік органдардың бас есепшілеріне мекемелердің бухгалтерлік есептілігінде қылмыстың құрамы жоқ, қаржылық бұрмалаушылық жасағаны үшін және мемлекеттік мекемелердің басшыларына 8 001 050 теңгеге (сегіз миллион бір мың елу теңге) айыппұл салынып, оның ішінде 6 054 800 (алты миллион елу төрт мың сегіз жүз теңге) айыппұл толықтай бюджет пайдасына өтелді.

І.ӘБДІРАСЕЙІТОВА,
заңгер.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Кендірлі» тұщыту зауыты» ЖШС «Кендірлі» теңіз суын тұщыту зауытының қуаттылығы тәулігіне 50 000 м³ болатын «Ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН) жобасы (оның ішінде РЕТН, ҚББ, ӨЭББ, ТҚШЖ)» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Бұрыштық нүктелердің географиялық координаттары:
Солтүстікендік:42°52'58.58"
Шығыс бойлық: 52°9'47.04"

Әсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Токмақты, 13.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 22 қазанда сағат 11:00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Мәдениет үйі, 1-шағынаудан, 34-үй.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналысты өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Zoom конференциясына қосылу: 2026 жылғы 22 қазан, сағат 11:00-де:

Zoom конференциясы: https://us05web.zoom.us/j/7203753222?pwd=UOeYbPWki3CP6MZfiLlVmt9ARD3ZLT.1&omn=82076228694

Конференция идентификаторы: 720 375 3222

Қол жеткізу коды: 111111

Тапсырыс беруші - «Кендірлі тұщыту зауыты» ЖШС. Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, ТОҚМАҚТЫ, 13, БСН 250940018253, info@oz-kendirli.kz.

Жобаны әзірлеуші – «Жасыл Технология» ЖШС.

Жобалық құжаттама топтамасымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің порталында https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ «Маңғыстау облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Байланыс телефоны: 8 (7292) 46–21–31 (ішкі 1210).

Электрондық пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz/ порталы және жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайына: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, сондай-ақ 8 (7292) 46–21–31 (ішкі 1210) телефоны арқылы қабылданады.

Пошталық мекенжайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат.

Қосымша ақпарат:электрондық пошта: jasyltechnology@gmail.com, телефон: +7 705 467 50 15.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: «Қарақия» гезетінің басылымында, «Радио NS» радиоарнасының эфирінде, сондай-ақ Құрық ауылы мәдениет үйі ғимаратының хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО Опреснительный завод «Кендирли» сообщает, что, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту: «Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ (НДВ) для Опреснительного завода морской воды «Кендирли» мощностью 50 000 м3/ сутки (в том числе НДС, ПУО, ПЭК, ППМ).

Географические координаты угловых точек: Сев.Широта 42°52'58.58" Вост. Долгота 52°9'47.04"

Территория воздействия: Мангистауская область, Каракиянский район, с.Курык, ТОКМАКТЫ, 13. Слушания состоятся 22.10.2026 г., в 11:00 ч., адрес Мангистауская область, Каракиянский район, с.Курык, Дом культуры, 1 мкр., 34.

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся онлайн-режиме

Подключиться к конференции Zoom 22.10.2026 года в 11:00:

https://us05web.zoom.us/j/7203753222?pwd= UOeYbPWki3CP6MZfiLlVmt9ARD3ZLT.1&omn=82076228694

Идентификатор конференции: 720 375 3222

Код доступа: 111111

Инициатор – ТОО Опреснительный завод «Кендирли», Мангистауская область, Каракиянский район, с.Курык, ТОКМАКТЫ, 13, БИН 250940018253, info@oz-kendirli.kz.

Разработчик проекта ТОО «Жасыл Технология». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов и на сайте https://ndbecology.gov.kz/, на сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Мангистауской области» , 8 (7292) 46–21–31 (1210) s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Замечания и предложения принимаются на портале https://ndbecology.gov.kz/ либо на электронную почту местного исполнительного органа: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, 8 (7292) 46–21–31 (1210). По адресу Мангистауской области: г. Актау, 14 мкр., 1 здание. Доп. информация: эл. адресу jasyltechnology@gmail.com, тел.: +77054675015.

Обьявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языке будет распространенно следующими способами: в издании газета «Қарақия», в эфире радио «Радио NS», также объявление будет размещено на доске объявлений дома культуры село Курык.

№395

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

МАҢҒЫСТАУ – ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ӨЛКЕ

МАҢҒЫСТАУ – ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ӘРБІР ТӨБЕСІ МЕН ТАСЫ ӨТКЕННЕН СЫР ШЕРТЕТІН ҚАСИЕТТІ ӨЛКЕ. ОНЫ АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ ДЕП АТАУЫ ДА БЕКЕР ЕМЕС. ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ТАРИХЫН ТЕРЕҢІРЕК ТАНЫП-БІЛУ МАҚСАТЫНДА №3 МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІ ҒАЛЫМ Ж. ДҮЙСЕНБАЕВАНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН БІРНЕШЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЫСАНДАРҒА САЯХАТ ЖАСАП, ӨЛКЕ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰНДЫ ДЕРЕКТЕРМЕН ТАНЫСТЫ.

Бұл сапардың басты ерекшелігі – тек саяхаттап, тарихи орындарды тамашалау емес, ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті материалдар жинау болды. Жол бойында көргендерімізді талқылап, ел аузындағы әңгімелер мен жергілікті жерге қатысты деректерді салыстыра отырып, туған өлкенің тарихына деген қызығушылығымыз арта түсті.

Сапарымыздың алғашқы аялдамаларының бірі – Бекі жеріндегі көне құдықтар. Маңғыстау жерінде ерте кезден келе жатқан құдықтар мен шыңыраулар аз емес. Олардың қатарында Бейнеубай, Қараш қазған, Ләтіп, Күзембай, Нұрқабай сияқты құдықтар аталады. Бұлардың әрқайсысы – ата-бабаларымыздың табиғат жағдайына бейімделіп, су көздерін тиімді пайдаланғанын көрсететін тарихи мұра.

Бекі ауылына жақын орналасқан Күзембай құдығы мен топ құдықтарға барғанымызда, олардың жасалу ерекшелігіне назар аудардық. Кейбір құдықтардың тереңдігі 20–25 метрге дейін жетеді. Іші дөңгелек таспен шегенделген. Күзембай шыңырауының жер бетінен көтеріліп тұрған бөлігі де ерекше құрылымымен көзге түседі. Бүгінде бұл құдықтардың суын жергілікті тұрғындар пайдаланып, мал суаруға да қолданады.

Осындай тарихи нысандардың қазіргі жағдайы бізді ойландырды. Құдықтардың айналасын ретке келтіріп, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, мал суаратын арнайы астаулар орналастыру – тарихи мұраны сақтаудың бір жолы болар еді. Өйткені көне құдықтар – тек су көзі емес, халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылық мәдениетінен хабар беретін құнды ескерткіштер.

Саяхат барысында бізді ерекше толқытқан нысандардың бірі – Оразмағанбет құдықшының құдығы болды. Құдық басына оның кейінгі ұрпақтары мәрмәр тас орнатып, есімі мен өміріне қатысты қысқаша мәлімет қалдырған. Ескерткіш-таста Оразмағанбеттің 1868–1919 жылдары өмір сүргені және Атанбай ойында орыс патшасының генералы В. С. Толстов әскерімен болған қақтығыста қаза тапқаны туралы дерек жазылған.

Бұл шағын ғана ескерткіш тас бізге бір адамның өмірі арқылы тұтас бір тарихи кезеңнен сыр шертті. Өкінішке қарай, табиғаттың әсерінен тас ескерткіштің тозып бара жатқанын байқадық. Осы жерде «Ата-бабадан қалған әрбір тарихи орынға осындай деректік белгілер қойылса, қандай жақсы болар еді» деген ойға келдік. Бұл – кейінгі ұрпақтың туған жер тарихын тануына үлкен мүмкіндік беретін игілікті іс.

Саяхатымыздың келесі бағыты – шебер Қарабаев Қорқыттың қолынан жасалған қой тоғыт аумағы болды. Мұндай нысандардан халқымыздың мал шаруашылығына байланысты қалыптасқан дәстүрлі тәжірибесін көруге болады. Тарихи орындарды аралай жүріп, бұрынғы ұрпақтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылық кәсібінің ерекшеліктеріне қанықтық.

Келесі аялдаған жеріміз – Артқапы тауы. Маңғыстау облысындағы Шетпе мен Бекі бағытындағы тас жолдың бойында орналасқан бұл тау өзінің табиғи пішінімен де, тарихи атауларымен де ерекшеленеді.

Зерттеу барысында «Артқапы» атауының бастапқы нұсқасы «Артқықапы» болуы мүмкін екені айтылды. Қазақ тілінде кей жағдайда сөз құрамындағы бір буынның түсіп қалуы кездеседі. «Қапы» сөзі тау аңғарын, есік тәрізді өткелді білдіретін ұғым ретінде түсіндіріледі. Маңғыстауда Алдыңғы Қапы атауының да кездесуі бұл жер-су атауларының тарихи-географиялық ерекшеліктерін зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл аумақ бұрын Құрмантайдың Қаракеуегі деп аталған. Қожа руынан шыққан Құрмантай есімді байдың Жарауыл, Қарақыз, Артқапы маңында қыстаулары болған екен. Ел аузындағы деректерде оның дәулеті мен көшіп-қону салты туралы түрлі әңгімелер сақталған.

Осы өңірдегі Қарақыз тауының басында Құрмантай салдырған күмбезтам да тарихи орындардың бірі ретінде аталады. Аңыз-әңгімелерге қарағанда, Құрмантай 25 жасында бәйге атынан құлап қаза болған баласына арнап күмбез салдырған. Бүгінде сол маңдағы жалғыз күмбез осы тарихи оқиғамен байланыстырылады.

Артқапы аумағының кейінгі кезеңдердегі шаруашылық өмірінен де деректер кездеседі. Ертеректе таудың үлкен Қаракеуегі мал қорасы ретінде пайдаланылған. Колхоз дәуірінде бұл жерде қой қамаған. Жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты сақталған осындай деректер туған өлкенің тарихын толықтыра түседі.

Ғалым Ж.Дүйсенбаеваның еңбектерінде де осы өңірдің шаруашылық өміріне қатысты қызықты мәліметтер кездеседі. Қаракеуекке қой қамалған кезде оның аузы ши немесе қамыс тәрізді материалдан тоқылған үлкен жапқышпен жабылған. Мұндай жапқыш суықтан қорғап, жылылықты белгілі дәрежеде сақтаған.

Саяхат барысында біз тарихи орындарды сырттай тамашалап қана қоймай, олардың әрқайсысының артында жатқан оқиғаларға үңілуге тырыстық. Бір қарағанда қарапайым болып көрінетін құдық, тау, қыстау немесе күмбездің өзі халықтың өткен өмірінен маңызды ақпарат береді.

Туған өлкені тану – тарихты құр жаттау емес, оның ізін туған жерден табу. Осындай саяхаттар арқылы біз Маңғыстаудың табиғи ерекшеліктерімен қатар, оның тарихи жадының қаншалықты бай екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Қорытындылай келе, Маңғыстаудың әрбір тарихи нысаны – ұрпаққа аманат. Көне құдықтарды, қорымдар мен күмбездерді, жер-су атауларын, ел аузындағы аңыздар мен тарихи деректерді жинақтап, зерттеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Туған жердің тарихын білу арқылы ғана оның қадірін терең түсіне аламыз.

Маңғыстау – өткен мен бүгінді жалғаған, әрбір тасы тарихтан сыр шертетін қасиетті мекен. Сондықтан оның тарихи мұрасын сақтау – болашаққа жасалған ең үлкен аманат.

Айгүл БОРАНҚҰЛОВА,
№3 мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

ХАЛЫҚ БОЛЖАМЫНДА ТЫҢШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТ БАР. АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ ТАБИҒАТТЫ, ЖАН-ЖАНУАРЛАРДЫ, ҚҰСТАРДЫ, ӨСІМДІКТЕРДІ ЖӘНЕ АСПАН ДЕНЕЛЕРІН ҰЗАҚ УАҚЫТ БАҚЫЛАУ АРҚЫЛЫ БІЛІП ОТЫРҒАН. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ АУА РАЙЫН АЛДЫН АЛА БОЛЖАУ АРҚЫЛЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН, КӨШІП-ҚОНУЫН ЖӘНЕ КҮНДЕЛІКТІ ТІРШІЛІГІН ЖОСПАРЛАҒАН.

ХАЛЫҚ БОЛЖАМЫ: ТЫҢШЫ

Осы халық болжамы тегін емес екен. 2-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқулығының 105-бетінде тың-тыңдап жатқан тыңшының – Сақұлақтың суреті берілген. Мен халықтың болжамын осы суретпен байланыстырамын. Мысалы, ертегілерде тыңшының қызметі анық айтылады.

Халық болжамдары – қазақ халқының табиғатты бақылағыштығын, өмірлік тәжірибесін және қоршаған ортамен тығыз байланысын көрсетеді. «Табиғатты таныған – тіршілікті таныған» деп бекер айтылмаса керек.

Маңғыстауда «Дауысты-Дүкен», «Дүңгірлек» деп аталатын құдықтар бар. Бұл – Маңғыстау өлкесіндегі көне Үстірт шыңыраулары. Құдықтардың өзінің аты біраз жайлардан хабар бергендей. Сол құдықтарды қазған құдықшының көкей көзі жер үстінде тұрып, жеті қат жер астындағы құдықтың суының сылдырын естіген. Әбден барлап барып, сол естіген дыбысының бекер емес екендігін түйсігімен сезген құдықшының құлағының сақтығына күмән келтіруге болмайды. Бұл тұста керемет тыңшы – су шығатын арнаны адаспай тапқан Бейнеубай сынды түйсікті туған құдықшылар. Бұл құдықтарды атақты құдықшы Бейнеубайдың еңбегімен де байланыстырады. Дауысты мен Дүңгірлек – Маңғыстаудың тарихи-мәдени мұрасының маңызды нысандары.

Бұл құдықтар қазақ халқының табиғи жағдайға бейімделіп, жер астынан су табудағы шеберлігін көрсетеді.

Дауысты-Дүкен құдығы – Үстірттегі Қаракұдық шаруашылық жері маңындағы құдық. Деректерде бұл құдықтың атауына байланысты екі түсіндірме кездеседі. Бір деректе құдықтың атауы жер астынан шыққан дыбысқа байланысты айтылады: құдықты қазған кезде судың немесе жер астындағы судың дыбысы естілген, сондықтан «Дауысты» аталыпты. Дауысты құдығын атақты құдықшы Бейнеубай қазған құдықтардың қатарында атайды.

Дүңгірлек құдығы – Үстірт өңірінің Ұштаған шаруашылық жеріндегі көне құдық.

«Дүңгірлек» атауының шығуына қатысты да қызықты түсінік бар: құдықтың түбіндегі су тамшылағанда немесе су көзі ашылғанда ерекше дыбыс шыққандықтан, осылай аталған деген нұсқа кездеседі. Дүңгірлек құдығының ішіне басыңызды төмен салғанда, астынан дүңгірлеген дыбыс анық естіледі.

Мен бұл құдықтарды 1999 жылы барып көрдім, құдық түбінен теңіз ағыны өтіп жатыр. Ол ағын Қарақалпаққа қарай ағады, Каспий теңізіне қарай емес. Каспий мен Арал теңізі жер астынан бірігеді екен деген халық аузындағы сөз негізсіз емес. Халық ұғымындағы жорамал, болжам дәл айтылған сыңайлы.

Сол – Дауысты мен Дүңгірлек – Маңғыстаудың тарихи-мәдени мұрасының маңызды нысандары.

Ерте кезде ел шебінде күзетте тұрған батырлардың да құлағы сақ болған. Мысалы, Отпан тауда тұрған Төлеп батыр сондай қасиеттің иесі. Соның бір көрінісі – «Қыз Жібек» фильміндегі Бекежанның дыбысты сол бойда естіп, атқа қонғаны – сақұлақтығының белгісі деп білеміз.

Бір кездерде тыңшы мамандығы болған деп батыл түрде айта аламыз. Оның қазіргі ресми атауы – барлаушы. Адамзат тарихындағы ең көне кәсіптердің бірі саналады. Тарих қойнауында бұл қызмет «тыңшылық», «жаушылық» немесе «барлаушылық» деп аталған. Біз 9–10-сыныптарда әдебиет пәнінен өткен қазақтың алғашқы ғалымы Шоқан Уәлиханов Қашқарға тыңшылыққа барған ғой. Ал Абылай ханның барлау қызметін басқарған адам – Сеңкібай батыр екен.

Күні кешегі Отан соғысында барлаушылар көп болған. Маңғыстаулық, Жетібай тұрғыны, атақты палуан Сұлба Әбдіратұлы – хас барлаушы, Отан соғысының батыры. Бүгінде байтақ Жетібайдың 65 жылдығы қарсаңында отырмыз. Сол Жетібайдан шыққан Сұлба батырға әскери майданда 55–60 шақырым жерді барлауға арнайы тапсырма берілгендігі туралы құжаттар бар.

Қазіргі өмірде де тыңшылар бар, ол тек айырмашылығы – өзінің ішкі мәнін өзгерткен «құлақтар» да бар. Бірді-бірге соғып, сөз тасып, шатыстырып жүреді.


Бұдан шығатын қорытынды: халық болжамы – шындықтың беті деуге келеді.

Амангүл ЖАПАРОВА,
Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «Оқушылар шығармашылық орталығы» жедел басқару құқығындағы МҚКК «Зерек бала» үйірме жетекшісі.

«АЙҒА ҚАРАП ҚОЛ ШОШАЙТПА»

АСПАН ӘЛЕМІНІҢ ТЫЛСЫМЫ

БҰЛ СӨЗДІ БАЛА КЕЗІМІЗДЕН ҮЛКЕНДЕРДІҢ АУЗЫНАН ЕСТІП ӨСТІК. БІР ҚАРАҒАНДА ҚАРАПАЙЫМ ҒАНА ТЫЙЫМ СИЯҚТЫ. БІРАҚ ОСЫ БІР АУЫЗ СӨЗДІҢ АР ЖАҒЫНДА ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АСПАН ӘЛЕМІНЕ ДЕГЕН ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТІ, ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ДҮНИЕТАНЫМЫ ЖАТЫР.



Қазақ даласының ұлы ойшылы, мифолог-ғалым Серікбол Қондыбай еңбектерінде аспан әлемі жай ғана алыстағы кеңістік емес, халқымыздың көне танымын сақтаған ерекше әлем ретінде қарастырылады. Ол Күн, Ай, жұлдыздар мен шоқжұлдыздарға қатысты түсініктерді қазақтың мифологиялық дүниетанымымен сабақтастыра зерттеген. Қондыбайдың жіктеуінде Айға байланысты көне түсініктер «Айбойлы мифология» ретінде қарастырылады.

Демек, ата-бабамыз үшін Ай – түнгі аспанда ғана көрінетін жарық емес. Ол – уақыттың белгісі, табиғаттың ырғағын танытатын аспан шырағы, халықтың қиялы мен танымында өзіндік орны бар киелі нышан.

Қазақ «Ай көрдім, аман көрдім, ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа» деп жаңа туған Айға жақсы ниет білдірген. Бұл сөздің өзінен-ақ халқымыздың Айды ерекше қастерлегенін аңғаруға болады.

Ал «Айға қарап қол шошайтпа» деген тыйым ше?

Халық түсінігінде аспандағы Айға саусақпен нұсқау – әдепсіздік әрі тыйым саналатын. Бала Айды көріп, қолын шошайтса, үлкендер бірден тоқтатқан. Өйткені қазақ үшін аспанға, Айға, Күнге, жұлдызға құрметпен қарау – табиғатқа құрметпен қараудың бір көрінісі еді.

Сонымен бірге халық арасында Айға қатысты түрлі нанымдар тараған. Солардың бірі – қолдағы сүйелді жаңа туған Айға көрсетсе, сүйел кетеді деген сенім. Әрине, бұл – ғылыми тұрғыдан дәлелденген ем емес, халық арасында сақталған наным. Бірақ мұндай сенімнің өзі Айдың халық санасында қаншалықты ерекше орын алғанын көрсетеді.

Бір қарағанда қызық қайшылық бар: бір жағынан «Айға қол шошайтпа» дейді, екінші жағынан сүйелі бар адамға Айға көрсету туралы сенім айтылады.

Кішкентай кезімде қолыма сүйел шықса, анам маған:

«Жаңа туған Айды көрсең, сүйеліңді Айға көрсетіп, мақтан. Сонда сүйелің кетеді», – деп айтатын.

Мен ол кезде анамның сөзіне кішкентай баланың сенімімен қарайтынмын. Ай аспанда жаңадан туған сайын, қолымды жоғары көтеріп, сүйелімді Айға көрсетіп қоятынмын. Анамның «мақтан» деген бір ауыз сөзі маған қызық көрінетін. Неге дәл Айға көрсету керек? Неге сүйелді көрсету арқылы кетеді? Оны бала кезімде ойлап та жатпайтынмын. Қазір ойланып отырмын, онда да 2-ші сыныптың «Жер және ғарыш» тарауындағы айға қытысты 64-65-ші беттеріндегі берілген тапсырманы қарау барысында, өзімді оқушымды дайындау мақсатында сол кітаптағы айдың суретіне қарасам, айдың бетінен өз қолымдағы сүйелді көрдім.

Фото айдың суреті.
Айда көркем нәрсе жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен көркем нәрсе жоқ
Күндіз бар да, түнде жоқ.

Жылдар өтті. Балалық шақ алыста қалды. Бірақ сол бір көрініс – анамның қасымда тұрып, аспандағы Айға қаратып қолымды көтерткені – әлі күнге дейін есімде.

Кейін келе түсінгенім: бұл жай ғана сүйелдің кетуіне байланысты сенім емес екен. Оның астарында халқымыздың Айды, аспанды, табиғатты киелі санаған көне дүниетанымы жатыр.

Қазақта «Айға қарап қол шошайтпа» деген тыйым бар. Аспандағы Айға саусақпен нұсқауға болмайды деп тәрбиелеген. Ал сонымен қатар халық арасында жаңа туған Айға қолдағы сүйелді көрсетсе, оның кететіні туралы сенім де болған.

Бір қарағанда, осы екі түсінік бір-біріне қарамақайшы секілді. Бірақ халық дүниетанымына тереңірек үңілсек, оның әрқайсысының өз орны бар екенін байқаймыз. Бірі – Айды құрметтеуге шақырса, екіншісі – Айдан жақсылық күткен халықтық сенімді білдіреді.

Мен үшін бұл тақырыптың орны бөлек. Себебі бұл – кітаптан оқып білген дүнием емес. Бұл – анамның аузынан естіген, балалық шағыммен бірге жүрегімде қалған естелік.

Анамның «Айға көрсет, мақтан» деген сөзі сол кезде мен үшін жай ғана сүйелден арылудың жолы болса, бүгінде ол сөз мен үшін ананың балаға берген сенімі мен қазақтың көне наным-сенімінің арасын жалғап тұрған бір нәзік көпірдей.

Бәлкім, халықтың ғасырлар бойы сақтап келген нанымдарының құдіреті де осында шығар. Олар бізге үлкен кітап болып емес, кейде ананың бір ауыз сөзі, әженің бір тыйымы, балалық шақтағы бір кішкентай естелік болып жетеді.

Сол себепті бүгін Айға қарасам, мен тек аспандағы жарықты көрмеймін.

Мен балалық шағымды көремін.

Анамның алақанын сезгендей боламын.

«Мақтан» деген таныс дауысын естігендей боламын.

Ай – аспанда.

Ал Айға байланысты сенім – халықтың жадында.

Ал менің жадымда сол Айдың астында анамның мейірімі қалып қойды…

– Серікбол Қондыбайдың еңбектеріне үңілген сайын осындай қарапайым сөздердің астарында қаншама көне таным жатқанын түсінуге болады. Ол қазақ мифологиясын зерттей отырып, халықтың сөзінде, фольклорында, салт-дәстүрі мен сенімінде сақталған көне мифтік мотивтердің маңызын ашуға ұмтылды.

Бибігүл ТЛЕКОВА,
Жетібай оқушылар шығармашылық орталығы Бұқаралық бөлімінің меңгерушісі.

АДАМ. ҚОҒАМ.ЗАҢ

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ: СЕБЕПТЕРІ, СУБЪЕКТІЛЕРІ, САЛДАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ТЕТІКТЕРІ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен экономикалық дамуын тежейтін, заңның үстемдігін әлсіретіп, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін шайқалтатын ең қауіпті әлеуметтік дерттердің бірі. Еліміздің өркениетті, құқықтық әрі демократиялық мемлекет ретінде қалыптасуында жемқорлықпен пәрменді әрі жүйелі түрде күрес жүргізу – мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы.

Жемқорлықтың қоғамға тигізер зардабы

Сыбайлас жемқорлықтың залалы тек қаржылық немесе экономикалық шығындармен шектелмейді. Оның ең қауіпті салдары – азаматтардың бойындағы әділдікке деген сенімді жоюында. Жемқорлық көріністері орын алған ортада: Әлеуметтік теңсіздік тереңдейді. Заң бәріне ортақ деген басты қағидат бұзылып, азаматтардың құқықтары тең дәрежеде қорғалмайды. Бәсекелестік жойылады: Экономикада, білім беруде және мемлекеттік қызметте біліктілік пен еңбекқорлық емес, заңсыз байланыстар бірінші орынға шығады.

Мемлекеттік аппараттың беделі түседі: Халықтың мемлекеттік органдарға, соның ішінде құқық қорғау мен сот жүйесіне деген сенімі азаяды.

Сот жүйесіндегі ашықтық – әділдік кепілі

Әсіресе, сот жүйесіндегі ашықтық пен тазалық – қоғамның заңға деген сенімін қалыптастыратын негізгі діңгек. Сот төрелігін жүзеге асыру процесінде әрбір істің әділ, бейтарап және тек заң шеңберінде қаралуы сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілік» (нулевая терпимость) қағидатын талап етеді.

Бүгінгі таңда сот процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында цифрлық технологиялар кеңінен енгізілуде. Сот отырыстарының аудио-бейнежазба (АБЖ) жүйелерімен толық қамтылуы, істердің судьялар арасында адамның қатысуынсыз, автоматты түрде бөлінуі, сондай-ақ электронды сот өндірісінің дамуы – адам факторасын азайтып, жемқорлық тәуекелдерін едәуір төмендетті. Жемқорлықпен күресудің кешенді жолдары. Сыбайлас жемқорлықты жою үшін тек жазалау шаралары жеткіліксіз. Мәселенің түп-тамырымен күресу үшін келесідей негізгі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілуі тиіс:

1. Жемқорлық тәуекелдерін талдау: Әрбір мемлекеттік орган мен мекемеде сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол беруі мүмкін заңнамалық тесіктер мен әкімшілік кедергілерді үнемі анықтап, жойып отыру.

2. Цифрландыруды тереңдету: Азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің арасындағы тікелей қарым-қатынасты барынша азайтып, қызметтерді электронды форматқа көшіру.


3. Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру: Жастар мен қоғам өкілдерінің бойында заңға деген құрмет пен жемқорлыққа деген жиіркенішті бала кезден бастап қалыптастыру.

4. Ашықтық пен есептілік: Мемлекеттік органдардың шешімдері мен бюджет қаражатының жұмсалуын қоғамдық бақылауға ашық ету. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бұл тек арнайы уәкілетті органдардың немесе полицияның ғана міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әрбір азамат, әсіресе мемлекеттік қызметтегі әрбір маман өз лауазымдық міндеттерін адал асыру арқылы заң үстемдігін нығайтуға өз үлесін қосуы тиіс.

«Заң мен тәртіп» қағидаты үстемдік құрған жерде ғана шынайы әділеттілік, тұрақтылық және елдің жарқын болашағы қалыптасады. Әділетті Қазақстанды құру – әрбіріміздің заңды құрметтеуімізден басталады.

Рахымжан СЕЙІЛХАНОВ,
Қарақия аудандық сотының бас маманы,
сот мәжілісінің хатшысы.

КӨКЖИЕК



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ЫҚЫЛЫМ ЗАМАННАН БЕРІ ТАБИҒАТПЕН ЕТЕНЕ ӨМІР СҮРІП, АСПАН ӘЛЕМІНДЕГІ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ЖІТІ БАҚЫЛАҒАН. АЛ ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ШЕ? КЕҢ ДАЛАДА КӨШІП-ҚОНЫП ЖҮРГЕН АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ ҮШІН ЖҰЛДЫЗДАР ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН БАҒЫТ-БАҒДАР ҒАНА ЕМЕС, УАҚЫТ ПЕН ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІН АНЫҚТАЙТЫН ТАБИҒИ БЕЛГІ БОЛҒАН. СОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАТЫН ЖҰЛДЫЗДАР ШОҒЫРЫНЫҢ БІРІ – ЖЕТІ ҚАРАҚШЫ.

ЖЕТІ ҚАРАҚШЫ ЖҰЛДЫЗЫ – ХАЛЫҚ ТАНЫМЫНЫҢ АЙНАСЫ

Жеті қарақшы – аспандағы жеті жұлдыздан тұратын шоқжұлдыз ретінде халық арасында кеңінен танылған. Астрономияда бұл атау Үлкен Аю шоқжұлдызындағы жарық жұлдыздар шоғырымен байланыстырылады. Жеті қарақшы – осы шоқжұлдыздағы көзге айқын көрінетін жеті жұлдыз. Аспандағы орны – солтүстікте. Қазақ халқы оларды өзінше атап, әр жұлдыздың орналасуына мән берген.

«Жеті» саны қазақ дүниетанымында ерекше қасиетке ие. Халқымызда жеті ата, жеті қазына, жеті жарғы, жеті шелпек, жеті әулие, «Жеті қыз – жеті қыздың несі қыз?» сияқты көптеген ұғымдар бар. Сондықтан аспандағы жеті жұлдыздың да халықтың дүниетанымында өзіндік орны қалыптасқан. Жеті қарақшы туралы түрлі аңыздар мен әңгімелер ел арасында ұрпақтан-ұрпаққа тараған.

Ата-бабаларымыздың санасы мен көкейкөзі қандай керемет. Дүниежүзінде мұндай халық жоқ. Ертеде сағат пен күнтізбе болмаған кезде қазақ даласының тұрғындары аспан денелеріне қарап, уақытты және бағытты шамалаған. Жеті қарақшының аспандағы қозғалысына қарап, түннің қай мезгілі екенін анықтаған. Оның белгілі бір қалыпта орналасуы түнгі уақытты бағдарлауға мүмкіндік берген.

Тұщыбек. 1957 жыл. Нина Каменева станса кезекті жұмыс үстінде.

Жұлдыздарға қарап уақытты анықтау, әсіресе, малшылар мен жолаушылар үшін маңызды болған. Далада түнгі сапарға шыққан адам аспандағы жұлдыздарға қарап, бағыт-бағдарын түзеген.

Қазақ арасында Жеті қарақшыға қатысты түрлі халықтық болжамдар да кездеседі. Ата-бабаларымыз жұлдыздардың көрінуіне, жарықтығына және аспандағы орнына қарап, табиғаттағы өзгерістерді болжаған. Қазақ өлеңдері мен хиссаларында бұл жұлдыз туралы жиі айтылады. Тіпті қазіргі ақын-жазушылардың шығармаларында да аспан әлемі мен халық аңыздары сабақтастық тапқан.

«Жеті қарақшы мен Үркер туралы аңыз» тақырыбындағы ақын Фариза Оңғарсынованың жырларынан да халықтық болжам мен түсінікті аңғаруға болады. Ақын аспан әлемінің сырын халық аңызымен ұштастыра отырып, жұлдыздарға өзіндік көркем сипат берген.

Жұлдыздардың анық әрі жарық көрінуін көбіне аспанның ашық болуымен байланыстырған. Ал жұлдыздардың көмескіленіп, бұлт арасына жасырынуын ауа райының өзгеретінін білдіреді деп есептеген. Сонымен қатар Жеті қарақшының аспанның белгілі бір тұсына ауысуын түннің өтуімен, уақыттың жылжуымен байланыстырған. Ұзақ жылдар бойы табиғатты бақылаған халық осындай белгілерді күнделікті тұрмыста пайдаланған.

Қазақ халқының өмірі төрт түлік малмен байланысты болды. Сондықтан малдың жағдайы табиғатқа тікелей тәуелді еді. Қыста – қыстауда, жазда – жайлауда, күзде – күзеуде жыл мезгілдеріне сай тіршілік еткен. Әсіресе мал баққан шаруа үшін түннің өзіндік қиындығы мен қауіп-қатері болған. Түнемелікте мал жайымен далада жүрген адам сәл дамылдап, аспанға қарап, табиғаттың сырын өзінше танып, болжай алған.

Өлкемізде ауа райын арнайы стансасызақ дәл болжай алған атақты аңшы Нұрды туралы халқымыз аңыз қылып айтады. Оның айтқаны дәл келеді деген әңгімелер ел арасында сақталған. Аңшының бүкіл өмірі табиғат құшағында өтті деуге болады. Бүкіл тіршілігі малмен, аңшылықпен байланысты болғандықтан, ол табиғатты оқымай-ақ таныған.

Мұндай болжамдар – ғылыми ауа райы болжамы емес, халықтың табиғатты ұзақ уақыт бақылау арқылы қалыптастырған дәстүрлі тәжірибесі. Қазіргі ғылым ауа райын метеорологиялық құралдар мен спутниктік технологиялар арқылы анықтайды.

Маңғыстауда алғашқы салынған метеорологиялық стансалардың бірі Үстірттегі Дауысты-Дүкен құдықтарының маңында орналасқан. Кезінде бұл станция мал шаруашылығына көп пайда келтірген. Далада еңбек ететін, әсіресе малшылар үшін ауа райын алдын ала білу аса маңызды болды. Ертеден қара кешке дейін қой соңында жүрген адамға сақтық қажет. Адамды да, малды да табиғи құбылыстардан сақтандыру, боран болатынын алдын ала хабарлау ісінде синоптиктердің еңбегінің маңызы қай кезде де зор.

Кеңестік кезеңде адамнан гөрі малдың жағдайына көбірек көңіл бөлінген кездер болды. Мал басын сақтау, оның өсімі мен өнімділігіне қойылатын міндеттемелер қатаң еді. Қазір Тұщыбекте заманауи метеорологиялық станса жұмыс істейді.

Бұл станса әлі де халыққа қызмет етіп келеді.

Жеті қарақшы туралы халық арасында әртүрлі аңыздар бар. Солардың бірінде аспандағы жеті жұлдыз жеті ұры немесе қарақшы ретінде суреттеледі. Олар Үркердегі Плеядаларға қатысты аңыздық сюжеттермен байланыстырылып айтылады. Қазақтың дәстүрлі аңыздарында аспандағы жұлдыздар адам бейнесінде елестетіліп, олардың өзара қарым-қатынасы арқылы табиғат құбылыстары түсіндірілген.

Бұл аңыздардың астарында халықтың қиялы ғана емес, аспан әлемін түсінуге деген ұмтылысы мен талпынысы жатыр. Ата-бабаларымыз өздері көрген құбылыстарды аңыз арқылы түсіндіріп, оны жас ұрпаққа жеткізген.

Жеті қарақшы – қазақтың аспан әлеміне қатысты дәстүрлі білімінің бір бөлігі. Жұлдыздарға қарап бағыт анықтау, уақытты шамалау және табиғат құбылыстарын бақылау – көшпелі өмір салты үшін аса қажет болған.

Бүгінде технология дамып, адамзат ғарыш әлемін заманауи құралдармен зерттеп жатыр. Соған қарамастан халқымыздың көне астрономиялық танымын зерттеудің маңызы зор. Өйткені жұлдыз атаулары мен оларға байланысты аңыздар – ұлттық мәдениетіміздің, тіліміздің және дүниетанымымыздың ажырамас бөлігі.

Жеті қарақшы жұлдызы – қазақ халқының табиғатты танып-білуге деген қызығушылығының айқын көрінісі. Ата-бабаларымыз аспан әлеміне қарап, уақытты бағдарлап, жол тауып, табиғат өзгерістерін бақылаған. Жеті қарақшыға қатысты аңыздар мен халықтық болжамдар ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, бүгінгі күнге дейін өзінің танымдық мәнін жоғалтқан жоқ.

Мифолог, географ Серікбол Қондыбайдың аспан денелеріне қатысты зерттеулері таза астрономиялық емес, астромифологиялық және космогониялық бағытта жүргізілді. Ғалым қазақ ертегілеріндегі, жырларындағы және аңыздарындағы аспан денелерінің – Күн, Ай, жұлдыздардың – бейнесін талдап, ежелгі түркілік дүниетаным мен күнтізбелік жүйені қалпына келтіруге үлес қосты. Ата-бабамыздың жасырынған таным-түсініктері Серікбол Қондыбайдың зерттеулерінде кеңінен көрініс тапқан.

Жеті қарақшыны тек аспандағы жұлдыздар шоғыры ретінде емес, ата-бабамыздың табиғатпен үндескен өмірінің және бай дүниетанымының белгісі ретінде бағалауымыз керек. Оларды зерттеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу – рухани мұрамызды сақтаудың маңызды жолы.

Жұлдыз АХАНОВА,
Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «Оқушылар шығармашылық орталығы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қызметі директорының бейін жөніндегі орынбасары.

Меншік иесі:
МАҢҒЫСТАУ MEDIA ЖШС
Директор – Әнуарбек Бимағамбет
Қабылдау бөлімі, тел.факс: 20-48-34
mangystau.media@mail.ru

Қарақия
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13357-Г куәлігі берілген.
Редактор – Ш.ГЭНДЭНҚЫЗЫ.
Тілшілер: – Периза КАШИЕВА, Лашын НҰРТАЙҚЫЗЫ.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді.
Беттеуші дизайнер – Ш.Аязбаева
Газет «Өнерім» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Тел. +77770122238.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Таралымы: 2470. Индекс: 65681.
Газеттің бағасы келісімді. Тапсырыс 224.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

17 ҚЫРКҮЙЕК
түнде: +18 | күндіз: +30

18 ҚЫРКҮЙЕК, ЖАҢБЫР
түнде: + 19 | күндіз: +24

19 ҚЫРКҮЙЕК
түнде: + 16 | күндіз: +24

20 ҚЫРКҮЙЕК
түнде: +16 | күндіз: +26

21 ҚЫРКҮЙЕК
түнде: +17 | күндіз: +29